

## ВЕБИНАР ТАҚЫРЫБЫ:

**«Ірі қара малдың бедеулігінің алдын алу және өсіп-өну көрсеткішін арттыру»  
16.07.2025 ж.**



**Дәріскер:** Тургумбеков Асет Абдымаратович – Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің Ветеринария және Зооинженерия факультетінің клиникалық пәндер кафедрасының PhD докторы.

## Дәрістің мақсаты:

1. Жануарлардағы бедеулікті анықтау әдістерін игеру және түрлерін анықтау.
2. Бедеулік және қысыр қалу, белсіздік туралы түсінік
3. Бедеуліктің және белсіздіктің жіктелуі
4. Гинекологиялық зерттеулер
5. Бедеуліктің алдын алу жолдары

Біздің Республикамыздың малшаруашылығы осы күнге дейін аналық малдың жыныс мүшелерінің және сүт безі ауруларына байланысты мал өнімдерін алуда қаумақты зиян шегіп келеді. Осыған байланысты малшаруашылығында есептегі аналық малдың гинекологиялық ауруларына байланысты 20-30 пайызы төл бермейді, сүт безінің аурулары салдарынан мал өнімі 15-20 пайызға төмендейді, сондықтан сиырлардың ақушерлік - гинекологиялық ауруларының себептерін анықтап, емдеу және алдыналу іс-шараларын дұрыс өткізудің маңызы зор. Бедеулік және сүт безінің аурулары малшаруашылығына үлкен экономикалық залал шектіреді, ол төмендегіден тұрады: Мал өнімдерінің төмендеуі, жоспардағы төлдің алынбауы, ауру малды емдеуге, бағып-күтуге кететін қаржы, өнім бермеген малдың ерте есептен шығуы, аталған себептерден келетін шығын мал өнімі жоғары болған сайын, келетін шығында жоғарлайды. Ғылыми әдебиетке сүйенетін болсақ барлық індетті және жұқпалы емес аурулардан келетін зияннан бедеуліктен және сүт безінің ауруларынан келетін экономикалық шығын 2-3 есе жоғары екені туралы айтылады. Сиырмен құнажындардың бедеулігіне және сүт безінің ауруларына әкеп соқтыратын себептердің негізгісі - малды дұрыс бағып-күтпеу, азығының сапасының төмендігі, ұрықтандыру кезіндегі жіберілген қателіктер, жыныс мүшелерінің аурулары, туғаннан кейінгі аналық малдың суыққа ұрынуы, ветеринарлық- санитарлық ережелерді сақтамау. Осы тұрғыдан алғанда бедеуліктің және сүт безі ауруларының себептерін дер кезінде анықтап, уақытында аталған себептерді жою, мал шаруашылығын қарқынды дамуына оң септігін тигізеді. Сиырдың гинекологиялық және сүт безінің аурулары көбнесе ақушерлік- гинекологиялық аурулардың асқынуынан деп есептейміз-буаздық патологиясы, туу және туғаннан кейінгі кезең аурулары

### **Сиыр мен құнажындардың бедеулігінің түрлері мен себептері**

Ғылыми әдебиеттегі мәліметтерге сүйенетін болсақ мал бедеулігінің алдын алуда ең алдымен бедеулікке әкелетін факторларды және бедеулік түрлерін анықтап алған дұрыс деп есептейміз. Бүгінгі таңда теориялық және тәжірибелік тұрғыдан алғанда профессор

А.П.Студенцовтың мал бедеулігі туралы ілімі негізге алынады. Профессор А.П. Студенцов бедеулікке байланысты төмендегі ұғымдарды ұсынады және ол туралы жақсы мәлімет бере білген:

- 1.Төлшендік-малдың үнемі тұқым беру қаблеті.
- 2.Бедеулік-өсіп-өну қызметінің бұзылуы.
- 3.Аналық малдың төлшендігі-бір буаздық кезіндегі аналық жатырындағы дамып,туған төл саны.

**Бедеулік** - дегеніміз малдың уақытша ұрықтанбай,төл берералмай қалуы, бағып – күтудің нашарлығынан, жыныс мүшелерінің ауру салдарынан туындайтын күрделі биологиялық құбылыс. *Қысыр қалу* - дегеніміз экономикалық тұрғыдан алғанда келесі есеп беру жыл басындағы аналық мал басына шаққандағы алынған төл басының саны. Мысалы есептегі 100 бас сиырдың 80 басы тірі өміршең төл берсе, 20 пайызы қысыр қалды деп есептеледі. А.Ю. Тарасевич бедеуліктің төменгі себептерін анықтаған:

- 1.*Экстрогениталдық* - малдың жасының ұлғайуы, эндокриндік безінің қызметінің бұзылуы, жүйке және сүт безі қызметінің бұзылуы,инвазиялық және індетті аурулар.
- 2.*Интрогениталды*-аналық безінің күлдіреуігі,персистенттік сары дене,эндометриттер,анофродезия,нимфомания,ұрықтану және зиготаның теліну кезіндегі жатыр қызметінің бұзылуы.
- 3.*Экзогендік-алиментарлық* факторлар- моционның болмауы,күн сәулесінің жетіспеуінен туындайды.

Н.Ф.Мышкиннің айтуынша бедеуліктің негізгі себебі аналық және аталық малдың жыныс мүшелерінің аурулары. Ал П.А. Волосков малшарушылығындағы қолдан ұрықтандыру кезіндегі кемшіліктер деп есептейді. А.П. Студенцовтың айтуынша бедеулік себептері өткінші,брақ мал организмінде морфологиялық,қызметтік өзгерістерге әкеліп соқтырады.

**Туа біткен бедеулік** - бедеуліктің бұл түрі атадан балаға берілетін тұқым қуалау,эндокриндік бездердің қызметінің бұзылуы, экологиялық факторлар,туысқандық будандастыру, зат алмасуының бұзылуы, тағы басқа себептер салдарынан туындайды. Ірі кара малында туа біткен бедеуліктің төменгі түрлері кездеседі: инфантилизм,фримартинизм, гермофродитизм,туа біткен жыныс мүшелерінің кемтарлығы. Фримартинизм - құбылысы көбнесе егіз төл дамығанда біреуі еркек біреуі ұрғашы болғанда кездеседі, өйткені құрсақ қуысында төлдердің даму кезінде гормондары араласып ұрғашы төлде еркек төлдің гормоны басым болғандықтан,туғаннан кейін ұрғашы

төлдің жыныс мүшелері аномалияға ұшырап, шүртекейі-клиторы шамадан тыс дамып, бұқа тәрізді болады. Бұндай таншалар төл-ұрпақ беру қаблетінен айырлады, сондықтан оларды семіртіп, сойып алған дұрыс болады. **Инфантилизм** - жас малдың жыныс мүшелерінің дамымай қалуы және жыныстық қызметінің байқалмауы, аналық және аталық бездерінің гипоплазиясы. **Гермофродитизм**-бұл өзгерістер сирек кездеседі, жыныс бездерінде аналық безінің және аталықтың ұлпасының бірдей дамуы, кейбір малдың белгілі бір жыныс мүшесі шамадан тыс дамып кетеді-мал организмііндегі қос жыныстық белгісін көрсетеді және гормоналды тепе-теңдіктің сақталмай қалады.

**Туа біткен бедеуліктің алдын алу.** Туа біткен бедеуліктің алдын алу үшін ветеринарлық-зоотехникалық жұмысты дұрыс ұйымдастырған жөн, сонымен қатар малдың туысқандық будандастыруын болдырмау қажет. Мал басын көбейтуде тианақты түрде жас малды таңдағанда олардың тұқымына аса көңіл аударға жөн. Сонымен қатар жыныс мүшелерінің дамуын гинекологиялық зерттеу арқылы анықтап алған дұрыс, селекция жұмысын дұрыс қою қажет, егер малдың жыныстық қызметінде кемшіліктер болса асылдандыру жұмысының іс-шараларын жоспарын қайта қараған дұрысыс дейміз.

**Кәріліктен болған бедеулік** Сиярларда кәріліктен болған бедеулік 12-14 жасқа келгенде жыныс аппаратындағы дегенеративтік өзгерістермен сипатталады. Кәрі сиярлардың аналық жыныс бездері қызмет еткенмен, жатырының бездерінің қызметтері 6-7 бұзаулаған сиярда төмендей бастайды, сонымен эмбрионның дамуына қолайсыз жағдай туындайды, көбнесе эмбрион өліп қалады. Бұқаларда кәріліктен болатын бедеулік кезінде шәуетінің сапасы төмендеп кетеді және жыныс рефлекстері байқалмай қалады, кейде нашар байқаладыда күйлеген ұрғашы малды ұрықтандыра алмай қалуы әбден мүмкін. Сондықтан жас малды мал басын көбейтуге тек физиологиялық жетілгеннен пайдаланып, 6-7 бұзаулағанға дейін шаруашылықта пайдаланады.

**Алиментарлық бедеулік.** Алиментарлық бедеулік азық құрамының сапасыздығымен қатар ағзаға түсетін кейбір улы заттардың әсерінен және кейбір минералды заттардың жетіспеуінен болады. Мал өнімділігін белгілі денгейге дейін көтеру үшін, мал организмін минералды заттармен қажетті мөлшерде қамтамасыз ету керек. Дегенмен, іс-тәжірибеде бұндай жағдайды жасау оңай бола бермейді. Осы тұрғыдан алғанда республикамыздың көптеген шаруашылықтарында сиярлардың бедеулігі 40-70%-ға дейінгі алиментарлы себептерге байланысты екені әдебиеттегі мәліметтерден белгілі. Алиментарлық бедеуліктің патогенезіне тоқталатын болсақ, ең біріншіден ірі қара малын

дұрыс бағып-күтпеу салдарынан гипоталамиялық- гипофизарлық жүйе қызметі, бүйрек үсті бездердің, қалқанша бездерінің қызметтерінің бұзылуы байқалып, оның аяғы морфологиялық өзгерістерге әкеліп соқтырады. ФСГ – фолликул стимулдеуші гормоны мен ЛГ – лютеиндеуші гормондарының түзелуі бұзылса, жыныс циклы толықсыз өтіп, аналық мал ұрықтанбай, ұрықтанғанның өзінде зигота жатыр клегей қабатына телінбей қалады. (Паничи, 1972). Малға берілетін азық мөлшерінің жетіспеушілігі, немесе кейбір заттардың артық мөлшерде болуы бауырды зақымдандырады, ацидоз процессін көтереді, эндометриттің дамуына және бауыр ауруына шалдықтырады. Қан құрамында кетонды денелер көбейіп, аналық организмде зат алмасуы бұзылады. Қанда кетонды денелер мөлшері көбейіп, жоғарылайды бұл құбылыс салдарынан сиырлардың ұрықтануы мүлдем болмауы мүмкін. (И.И.Афанасьев, 1972) Қазіргі жағдайда сиырлардың алиментарлы бедеулікке ұшырауында негізгі рөл атқарушы болып, ағзадағы минералды заттардың алмасу жүйесінің бұзылуы болып саналады, кальций мен фосфор макроэлементтер ішіндегі жетекші мағынасы бар макроэлементтер. Әсіресе, олардың өзара сәйкестігі басты рөл атқарады. Фосфорға қарағанда кальцийдің жетіспеуі сирек кездесетіні дәлелденген. Сиыр организмінде фосфордың жетіспеушілігі ұрық безінің жарақаттануына, фолликулдардың пісіп жетілуінің тоқтауына әкеп соқтырады, сонымен қатар бұқалар организміндегі түзелетін аталық жыныс клеткаларының ұрықтандырғыш қаблеті төмендейді. Сондықтанда минералды заттардың санына емес, олардың өзара сәйкестігіне баса назар аудару керек. Әр түрлі жемдер қоспасы ағзада әр түрлі деңгейде ыдырап тарайды және қанға сіңеді. Мысалы: кальций мен фосфордың ірі жем құрамынан ыдыраған мөлшерінің 50% ғана организмге пайдаланады, ал концентратты тектес азықтың 90% организмге сіңетіні әдебиеттен белгілі. Макро- және микроэлементтердің жетіспеушілігі әсіресе, көбею ағза- сына жалпы жағдайна және көптеген сиырлардың бедеулігіне эндометрит пен ұрық безінің морфологиялық, биохимиялық өзгеруіне әкеп соқтырады. Улнер (1967), Филд (1968) мал организмінде зат алмасу кезіндегі минерал заттарының ұлпа сұйықтығында және жасуша құрамындағы шоғырлануы туралы генетикалық факторларды болжам ретінде айтады. Егер әр литр сүтпен 1,25 г кальций және 1,02 фосфор бөлінетінін есептесек, онда жемдеу кезіндегі минералды заттардың өлшемі, әсіресе, бұзауланған кейінгі бірінші айда- ақ рацион құрамында көбейткен жөн. Кальций мен фосфордың сәйкестігі ірі қара мал үшін 1:1 ден 3:1-ге дейін. Бұл сәйкестікті 4:1-ге көтерсек, онда сиырларда бұзаулағаннан кейінгі кезеңнің ұзаруы, жатыр, ұрық безінің суыққа ұрынып, ауруға шалдығып, аналық жыныс

безінде сары су немесе ірінді ісіктің пайда болуы жиі байқалады. Кальций мен фосфордың, сиырдың жағдайына, оның көбею қызметіне әсерін қарастырғанда тек олардың құрамы мен сәйкестігіне ғана емес, 100 г қортылатын протеинге шаққандағы элементтер санын есептеу керек. Сиырлардың төлшендігі жем құрамындағы фосфордың 3,5 тен 3,9 гр дейінгі мөлшері қортылатын протеиннің 100 грамына шаққанда жоғарлайтыны байқалады. Кальцидің қажетті өлшемі 100гр. қортылатын протеинге шаққанда 7,0 ден 8,0 дейін екені анықталған. Көрсетілген сәйкестіктің жоғарылуы, немесе төмендеуі сиырлардың өнім беру мүмкіндігіне кері әсер етеді. Кальцидің көп болуы,фосфордың қанға сіңуінің бұзылуына әкеп соғады, яғни оның ағзада жетіспеушілігі Коннерманның 1969 жылғы пікірі бойынша кальциді фосфат түрінде ішек арқылы шығаруымен байланысты делінген. Ірі қараның жыныс ағзаларының өсіп жетілуіне фосфор мен кальциден басқа калий мен натриде әсер ететіндігі дәлелденген. Калидің жоғары мөлшерде, ал натридің жеткіліксіздігі ацидозаға, яғни жыныс жолдарының қабынуына және шәуеттің қызметінің төмендеуіне әкеп соғады. Сүтті сиырларға бір тәулікте 40-60 гр. калий қажет, немесе 3,0-4,5 г. Кальций керек аталған көрсеткіштер желін безінде 1 л сүт пайда болу үшін де қажет. Натридің жетіспеушілігіне байланысты бұзаулардың бойы өспей дамымай қалады, ал сиырлардың ұрықтану процесі бұзылады. Тәулігіне 20 л сүт беретін сиырларға 30% натрий, 75 гр тұз керек. Жемде 0,25% натридің болуы толық жеткілікті. Шөп құрамында тұз деңгейі керекті мөлшерге жайылымды құрамында натрий тұзы бар тыңайтқышпен таңайтқанда ғана жетеді. Құрғақ жемде натрий мөлшері 0,5 % болса, дұрыс деп саналады. Микроэлементтер арасында, аналық мал төлшендігіне, өнімділігіне және олардың ағзаларының жағдайының жақсы болуына марганец пен йодтың өте тығыз қажеттілігі бар. Егер марганец жетіспейтін болса, бұзау, таналардың жыныс ағзаларының дамуы ұзаққа созылады, ұрық безіндегі фолликулдардың жетілуі бәсеңдейді, ал сиырларда түсік түсу қаупі туады. Сиыр ағзасымен байланысын ерекше атап өту керек. Жемде марганецтің мөлшерін көбейту керек, өйткені ереже сақталмаған жағдайда электролиттер бұзылады және жыныс мүшелері ауруға шалдығып, сиырлардың бедеулігіне әкеп соғады. Бұзауланғаннан кейінгі кезеңнің қалыпты жағдайда өтуі және жатыр мен ұрық безі ауруының алдын алу мақсатында бұзауланғаннан кейін 2,0 гр сульфат марганецін күнделікті сиырдың рационына қосып және буаздығын анықтағанға дейін аталған рационды пайдаланған жөн. Ал қашқан сиырларға сульфат марганецінің мөлшерін 0,5 азайтады. Йод ұрғашы малдың барлық ағзаларының қызметі үшін тікелей қажет, йод қалқан безі қызметін, гипоталамо- гипофизарлы кешені мен ұрық

безі арасындағы байланыстың негізгі күші болып саналады. Эмбрионның, ұрықтың, аналық малдың қашқан, бұзаулау кезеңдері кезінде йод өте қажет және пайдалы екені әдебиеттен белгілі. Йодтың жем құрамында жетіспеушілігінен сиыр жатыры мен ұрық безі нейрогуморалды өзгеріске ұшырап, сиырдың ұзақ уақытқа дейін бедеулікке шалдығуы мүмкін. (Е.И.Смирнов, 1960). Йод жетіспейтін аймақтарда- жерді, жайылымдарды, шабындықтарды йодты тыңайтқышпен тыңайту үшін күнделікті 5 – 8мг мөлшерінде йодты калиді қолдану керек деп айтады. Сиырлардың, таналардың алиментарлық бедеулігі әсіресе, А, Е, Д және В дәрумендерінің жетіспеуінен болады. А, Д, Е дәрумендері эпителиге ерекше әсер етеді және қызметін күшейтеді. В дәрумені бауырдың улы затқа қарсы қызметін арттырады. Ірі сүт өндіру кешендерінде сиырларды концентратты жемдеу тенденциясы үрдіс алып отыр. Көптеген авторлар жоғары дәрежелі концентратты жемдеу ірі қараның ұрықтану жүйесіне кері әсерін береді деп есептейді. 1970 жылы И. Н. Афанасьев сиыр қанындағы кетонды денелерді анықтап, қандағы концентрациясының жоғарылауынан сиырдың ұрықтануы төмендейтінін дәлелдеген. Автор қандағы кетонды денелердің жалпы мөлшерінің құрамы мен ұрықтандырудың бір – бірімен тікелей байланысы бар екенін дәлелдеді. 1972 жылы С. Малетто белоктың төмендеуі де сиырлардың тұқымсыздығына, өнімділігінің төмендеуіне және жыныс циклының толықсыздығына әкелетінін дәлелдеген. Әсіресе, бұндай жағдайда ановуляторлы жыныстық циклы әлсіз жағдайда өтеді. Көптеген авторлар дұрыс азықтанбаған сиырлардың бедеулігі гонотропты гормондардың, гипофиздің қызметінің бұзылуымен байланысты екені туралы айтады. Ауыл шаруашылығында көктемгі егісте улы химикаттарды қолдану жануарлар үшін өте зиян екені белгілі, ішкі ағзаға түскеннен соң, мал өнімділігіне, өсіп дамуына кері әсер етеді. Т.К. Трифонова (1963) улы химикаттар 1 гаммаизомер ГХЦГ, севин, дикрезия жануарлардың бедеулігіне, ұрықтану деңгейінің төмендеуіне ұрықтың, жаңа туған төлдің дамуына бірден – бір кедергі себеп екендігін дәлелдеді. Бұзау, таналардың жыныс мүшелерінің дамуы да дұрыс жемдеуге байланысты. Қаншалықты бойы тез өссе, жыныс мүшелері тез дамиды, ірі қараның нақты бір салмаққа, денеге ие болуы да тікелей жыныс мүшелерінің (ағза) ерте пісіп жетілуіне әкелетіні белгілі. Бұзау, таналарды жоғары деңгейде жемдеу кезінде салмақ қосуына байланысты, олардың жыныс ағзаларының дамуы төмендейді. Жас бұзаулардың тез өсуіне және оларды асыл тұқымдылық мақсатында қолданудың, айтарлықтай экономикаға пайдасы бар. Атап айтқанда, бұл кезеңде жануарлардың өнім сапасыздығы кемиді, сондықтанда асыл

тұқымды бұзау, таналарды жемдеу рационының мөлшері артық салмақ қоспайтындай, 15-18 айлығында тез өсіп, ұрықтанатындай деңгейде болуы керек. Алиментарлы бедеуліктің алдын алу үшін әрбір шаруашылықта керекті азық мөлшерін дайындау қажет, сонымен қатар агрозоотехникалық шаруашылық іс-шараларын ұйымдастыру керек, мал шаруашылығын жетілдіру жөніндегі бағыт бағдары бар арнайы болашақ жоспарын және бағдарламасын жасау мамандар міндеті. Жоғарыда аталған іс-шаралармен қоса әсіресе жем өндіру оның концентратталған жағына көп көңіл бөлу, малды жемдеу алдында азық құрамын тексеру, қажетті мөлшерін анықтау жұмыстарын жоспар бойынша жүргізген абзал. Жүргізілген тәжірибелердің дәлелдеуі бойынша фермаларда сүт өндіру мақсатында, сиырдың көптігі ағзаның (организм) әлсізденуіне биологиялық белсенді заттарды жоғары дәрежеде қажеттенуіне әкеп соғады. Жыл мезгіліне қарай, сиырлардың қанын тексеріп, бақылап отыру мамандардың күнделікті міндетіне айналуы қажет. Бұдан басқа іс-шаралармен қатар берілетін микроэлементтердің мөлшері, дәрумендер, еліміздің географиялық аумағы, ауа – райы, жыл мезгілі сиырлардың сүт беру өнімділігі, яғни жалпы жағдайы қарастырылуы керек. Сүтті сиырларды жемдеу төмендегі схема бойынша жүргізілуі керек: 1. Барлық кепкен жемнің мөлшерін есептегенде сиыр салмағынан 3,5 % аспауы қажет. 2. Құнарлылығы жағынан, сиыр салмағымен салыстырғанда жемді 2 % беру керек. 3. Кетоздың алдын алу кезінде, сиырларға майылылығы мол жем бермеу керек. Әсіресе, бұзаулағаннан кейінгі бірінші аптада және бұзаулар алдында жемнің құрамында бірден өзгеріс болдырмау, сапалы ірі кебек жеммен протейінді минералды заттармен, дәрумендерге бай жеммен азықтандырған жөн

**Климаттық бедеулік.** Бедеуліктің бұл түрі ауа райына және географиялық жағдайларға байланысты туындайды. Физикалық, географиялық заңдылықтарға жүгінсек, жануарлардың зат алмасу мен өсіп - өну, өнім беру процестері жердің географиялық орналасуына, теңіз деңгейінен биіктігіне, мал қораның жарықтығына, қараңғылығына, температурасына, тоқтың ауытқуына, ионды сәуленің түсуіне, ғарыштық күштің әсеріне, ауаның, судың улы заттармен ластануына байланысты пайда болуы мүмкін. Жануарлардың өнімділігі, тек географиялық жағдайдан ғана емес, кей жылдардағы жергілікті жердегі метеорологиялық ауытқуларға да байланысты пайда болуы мүмкін. Климаттық бедеулік континенттік немесе аймақтық, ауа райының аймаққа қарай өзгеруі және ықшам климаттық, яғни тіршілік ету аймағындағы экологияның бұзылуынан болады. Климаттық бедеулік – сүтті сиырларды өнімділігін өндіруде жаңа технология – жабдықталған

кешендердегі сиырлардың, аса талғампаз- дығынан, жүйке ауруына ұшырауынан да болуы мүмкін. Тана, сиырлардың бедеулігі тек айналаны қоршаған ортаның экологиялық себептерінен ғана емес, сонымен қатар сиырдың шығу тегінен, ата тегіне, тұқымына т.б. жағдайларына байланысты екеніне баса көңіл аудару керек. Кейбір авторлардың айтуынша жемдеу, жарық, температура, ылғал- дылық, түрлі сәуленің түсуі, ең негізгі тура және жанама себептер ретінде жануар организміндегі күрделі өзгерістерге әкеліп соқтыртады. Ұрықтану кезіндегі жарықтың әсер беру мерзімі гипотоламиялық – гипофизарлы кешеніндегі негізгі бастау беруші күш. Байқағандарыңыздай, мал кешенін жарықтандыруда, жасанды жарық- тандыру болсын, табиғи жарық болсын мал шоғырланған кешенге жарық бірден дұрыс берілгені қажет. Бедеуліктің бұл түрі ұрық безі қызметінің күшінің өсуіне, жыныстық цикл кезінде сары дененің пайда болмауына, буаз болу кезінде аналық бездің сары сулы фолликулға айналуына әкеп соқтырады. (1975. А. А. Тришок). Жануарларда жыныстық циклдың қалыпты байқалмауы немесе әлсізденуі тіпті, болмай қалуы жиі байқалады. Бұндай жағдайда малды неше қайтара ұрықтандырса да нәтиже болмайды. Сиырдың жыныстық циклының тұрақсыздығы оның қайталануы жыл мезгіліне байланысты суыққа, жаңбырға, т.б. жағдайлардың әсер етуінен болады. Климаттық бедеуліктің алдын алу үшін мал тұратын кешенде алаңның, кубатура көлеміне қарай әр сиырға жарық беру есепке алынып, ыңғайлы жағдай туғызу керек. Сүтті сиырлар сияқты бұзау, таналарда жылдың төрт мезгілінде күніне 3 сағаттық белсенді моцион алу керек. Ірі қараны бағып-күту, асырау кешендерін жарықтандыру, ыңғайлы жағдай жасау, кварц жарығын, желдеткіш қолдану климаттық бедеулікті жоюға септігін тигізеді, сөйтіп, толыққанды өнім (тұқым) алу мен сүт сауу жыл бойы қамтамасыз етіледі.

**Симптомдық бедеулік.** Малдың жыныстық органдарының ауруы салдарынан қысыр қалуын симптомдық бедеулікке жатқызады. Тек қана жыныстық органдар емес басқа да аурулардан мал қысыр қалуы мүмкін. Жыныстық органдардың ауруын қабыну үрдісі ретінде (вульвит, вестибулит, вагинит, эндометрит, сальпингит, оофарит) немесе сол органдардың қызметінің бұзылуы ретінде кездестіреміз (аналық ұрық безінің гиподисфункциясы, атрофиясы мен склерозы, күлдіреуігі, тұрып қалған сары денесі.). Жыныстық органдардағы патологиялық үрдістер спермийлердің еркін қозғалуына, аналық ұрық торшасымен кездесіп ұрықтану үрдісінің өтуіне, зиготаның пайда болуына кедергі келтіреді. Жыныстық органдарда жиналған патологиялық экссудаттар спермийлер үшін өте жағымсыз орта болғандықтан, спермийлер экссудатпен араласқанда тез арада қырылып,

өліп қалады. Кейбір жағдайда зигота пайда болғанымен, ол жатыр ішіне түскен соң әрі қарай өсіп дами алмайды. Ал ұрық безінің аурулары кезінде, эстрогендік гормондар түзілмегендіктен мал күйлемейді, күйлеген малда овуляция болмауы мүмкін. Содан мал бедеулікке ұшырайды да, қысыр қалады. Симптомдық бедеулік барлық бедеу сиырлардың 50-30 пайызын құрайды.

**Эксплуатациялық бедеулік** Сиырлардың бұл бедеулігі, оның өте жоғары дәрежедегі сүттілігінде деп көрсетеді кейбір авторлар. Қазіргі жағдайда сүт өндіру кешендерін ұйымдастыруда, мамандар алдында сүт өнімділігі мен тұқым сапасын жақсарту мақсаттары қатар тұрады. Тек денсаулығы жақсы сиырлар ғана бұндай ауыртпалықты көтере алады. Майлылығы жоғары сүт өнімін беру кезінде сиыр ағзасынан, сүтпен бірге көптеген қасиетті заттар шығып кетеді де, дер кезінде оның орны толтырылмайды. Сол себепті зат алмау процесі бұзылады да, жануар ағзасында қан айналу жүйесі әлсізденіп, желінге көп мөлшерде қан келуіне байланысты желін мен ұрық безі, гипофиз арасындағы, үйлесімділік бұзылады. Эндокриндік үйлесімділікке әсер етеді және желін жұмысының міндетін тітіркендіреді. Сонымен бірге фолликулды стимулдеуші және лютеин гормонының бөлінуі бәсеңдейді. Осымен қатар сүтті сиырлардың төлшендігінің бұзылуы, көптеген кешенді себептерге байланысты, оның ішінде азықтандыру жолы да өз әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтанда жоғары өнімді сүтті сиырлардың жемделуіне және азық құрамының сапасына аса назар аударып сүт өндіру кезінде сиыр ағзасына зиян келмеу жағына ерекше көңіл бөлу керек.

**Жасанды бедеулік** Бедеуліктің бұл түрін А.П. Студенцов жасанды бағытты және жасанды алынған деп 2-ге бөлді. Бедеуліктің бірінші түрін мамандар өздері жасайды: піштіру, ұрықтану жолдарын жатыр түтікшесін байлау; күйлеген аналықты ұрықтандырмай мал дәрігерлік бақылау арқылы уақытын кейінге қалдыру. Бедеуліктің бұл түрі жасанды – жасанды жасалған бедеулік кейде эксплуатациялық бедеулікке ауысып кетеді, өйткені ұрықтану мезгілін өткізіп алу жыныстық циклдың бірнеше айға бұзұлуына әкеп соғады. Сонымен бірге бұқаларды піштіру асыл – тұқымдылыққа жарамсыз сиырлардың, таналардың ерте қашуының алдын алу болып саналады. Жасанды ұрықтандыруды дұрыс ұйымдастыру процесін жүргізудің дұрыс болмауы, аналық мал басының, тана, сиырлардың жыныс циклының бұзалуының басты себебі болып саналады. Ал, аналық сиырлардың жасанды жолымен жасалған бедеулігінің негізгі себептері болып: А) ұрықтандыру жұптарын дұрыс таңдамау әсіресе, инбридингті будандастыру; Б)

ұрықтандыру мезгілін дұрыс таңдамау; В) ұрықтандыру технологиясының бұзылуы яғни, шәуетті бір рет еңгізу, оның жеткіліксіз мөлшерде болуы, ұрықтың әлсіздігі; Г) ұрықтандырушы мамандардың төмен деңгейлі санаттылығы, білімінің нашарлығы; Д) сиырларды ұрықтандырудағы дұрыс есеп жүргізбеу салдарынан; Е) мал дәрігерлік тазалық ережесінің ұрықтандыру кезінде дұрыс сақталмауы Шәуеттің құрамындағы микробтың сиыр организміне антиген ретінде әсер ететіндігін айту керек. К.Ландштейнер мен И.Мечников және М.Тушенов жыныстық жасушылардың тектілікке қарсы антигендік әсері барын анықтады. Ұрғашы малдың ағзасында шәует улы токсиндер, спермиоагглютининдер мен спермиолизиндерді туғызатыны дәлелденген. Олардың құралуы, ұрықтың жыныс жүйесі арқылы жылжуы, ұрық безінің қызметінің бұзылуына әкеліп, мал ұрықтанбай қалады дейді - В.К. Милованов. Қазіргі таңда адамды, жануарды көбейтудің биологиялық, патологиялық жаңа саласы құрылды. Ол тек мал шаруашылығы саласының кейбір сұрақтарын емес, жалпы биологиялық мәселелердің болашағына жол ашады. К.Братанов пен т.б. маман иелері антиденелердің көбею процессінің әртүрлі сатысында пайда бола беретіндігі туралы айтады яғни, ұрықтану, эякуляция, эмбрионның теліну кезінде, эмбрионез, эмбрионның дамуы кезінде. Шәует, шәует плазмасы, белокты қоспа, зигота, эмбрион, төл антиген ретінде әсер ете отырып, ағзада антигеннің пайда болуына септігін тигізеді. Антиген ретінде микроб, улы бактерия, бактериялық агглютининдерде антиген ретінде әсер етеді. Иммундық дененің әсерінен спермилер қимылы әлсізденеді, ұрықтану қаблеті бұзалады, ұрықтың қалыптасу процесіне зиян келетіндігі дәлелденген, түсік түсуге әкеліп соқтыратынында белгілі және іс – тәжірибеде, сынақта дәлелденген. Спермилерге қарсы денелер әр ағзада бар, бірақ олардың концентрациясының аздығы сонша көбею процессінің дамуына тікелей қарсы тұра алмайды. К.Братанов, В.Дисков, И.И.Соколовская, Н.М.Решетников, Е.В.Ильинский, А.А.Марчук, К.И.Жадовец, В.И.Максимов, В.М. Лукьяненко және т.б. мамандардың айтуынша қан құрамында спермиоагглютининнің жоғары деңгейде болуы сиыр, таналар төлшендігінің бұзылуының бірден – бір себебі болып саналады. Әсіресе, спермилерге қарсы денелердің жоғары көрсеткіші сиыр, таналарды бірнеше рет ұрықтандырудан соң және жатырдың қабыну кезінде емдегеннен кейінгі бірінші күндері байқалады, кейбір майда микроорганизмдердің шәуетке қолдан, киімнен, аспаптардан, бұқаның жыныс мүшесінен түсіп шәуетке жан-жақты әсер етеді. (Л.А.Черномоз, В.А. Яблонский, 1963). Олар шәуеттің құрамындағы спермилердің кейбір бөліктеріне отырып, спермилердің белсенділігін

бұзады, ал аммиак, сутегінің асқын тотығы, сүт қышқылы т.б. оның жойылып кетуіне жол береді. Сондықтанда жоғары микробты ластануда спермилер тіршілігі тоқтап, шәуеттің ұрықтандыру қабілеті өшеді. (1 сурет) Жатырға микробтар мен саңрауқұлақтардың жайылып кетуі, малды қолдан ұрықтандыру кезінде байқалады. 1968 жылы Н.Репко бұқаның жыныс мүшесінде, күпегінде, кез-келген асылтұ- қым стансасында және қолдан ұрықтандыру бекеттерінде түрлі саңрауқұлақтардың болатындығын анықтады. Өте жоғары дәрежеде микробтар мен саңрауқұлақтармен ластанған шәует аналық малдың ұрықтануы мен төлшендігіне кері әсер етеді. Ғалымдар шәуеттің ластану мөлшерін төмендету үшін, түрлі дәрі - дәрмек термен тәжірибе жүргізді. Н.Румянцев (1958), П.Маринов (1958), И.Соколовский (1960), А.Варновский (1964), А.Кермушин (1963), Ф.Касумов (1963), Т.Зверева және әріптестері (1969), А.Остров оның әріптесі (1966) бұқалардың шәует алу үшін; оларды дайындау, шәует жүретін қуысты тазалау, тазалықты сақтау сияқты ережелерді шәует алу және ұрықтандыру жұмысы кезінде қатан сақтау керектігі туралы айтады. Ғалымдардың зерттеулері шәуетті алу, сұйылту, ұрықтандыру кезеңдерінде ветеринарлық және санитарлық ережелерді қатан да жоғары деңгейде қолдануға бағыттайды. Жасанды бедеуліктің алдын алу үшін тиісті ережелерді қолдан ұрықтандыру кезінде қатан сақтау керек. Барлық жасанды ұрықтандыру станса бекеттерінде Д.Д.Логвиновтың – шәует алу, сұйылту, араластыру, бөлшектеу және пайдалану әдістерін қолдану және Харьковтың байсогалдық әдіс тәсілдерін және бір реттік құралдарды, жетілген амалдарды сиырға шәует енгізуде (мано – ректорцер- викалды) қолдану, малды ұрықтандыруда жоғары санатты, білікті мамандар өз жұмысында пайдаланғандары жөн. Нышанды бедеулік Симптоматикалық бедеулік-ұрғашы және еркек малдың уақытша ұрықтанбай, ұрықтандыралмай қалуы. Сонымен қатар әртүрлі аурулардың яғни, жұғатын, жұқпайтын аурулардың әсерінен де болады. Еркек және ұрғашы малдың бедеу қалу себептерінің бір қатары-малды дұрыс азықтандырмау, ас қорту жүйесінің, тыныс алу жүйесінің, қан тамыр- жүрек қызметтерінің бұзылу салдарынан да болады. Осындай ауруларға ұшырағанда дене қызуының көтерілуі, қан құрамының өзгеру, зат алмасудың бұзылуы бедеулікке ұшыраудың бірден – бір нышаны (белгісі). 1950ж И.В. Заянчковский нышанды бедеулік жұмыршақ жарақаты мен перикардиттен десе, Г.В. Зверева мен Ф.Я. Сизенко (1958), Е.Ф. Кочетов (аусыл) ауруынан екендігін байқады. Сиырлардың нышанды бедеулігі олардың гинекологиялық ауруына яғни, жатыр, ұрық жолы, ұрық безі мен қынап ауру салдарынан болатыны дәлелденген. Ғылыми әдебиеттегі авторлардың айтуы

бойынша гинекологиялық аурулардың таралуы әртүрлі болады. Орта есеппен шаруашылықтағы бедеу сиыр, таналар санының 10-15 пайызы гинекологиялық аурулар салдарынан болатыны мәлім. Патологиялық процесстің сиырлардың жыныс ағзасында орын алуы, дамуы ұрық безінің міндетін бұзады және ұрық жолы мен жатырдың клегей құрамы өзгертеді және осы ағзалар ішіндегі рН және олардың өту жолының қызметтері бұзылады. Сиырлар мен таналар гинекологиялық ауруға ұшырағанда олардың төл беру қабілетінің бұзылуы төмендегі себептерге байланысты:

1) жыныстық циклдың бұзылуы – анафродизия (жыныстық циклдың болмауы), толықсыздығы (анэстралды және ановуляторлы жыныстық цикл), нимфоманияның да кездесуінен болады; 2) жатыр мен ұрық жолдарындағы шырыштың жабысқақтығы әсерінен жыныс клеткаларының қимылы шектеледі; 3) жыныс мүшелерінің жекелеген бөліктеріндегі аталық жыныс клеткаларының өлуі жасушалардың ыдырауына, улы бактерияның, улы спермилер мен қабыну экссудатының жиналуына әкеп соғады; 4) ұрық клеткасының немесе зиготанның құруы; 5) зиготанның жатыр қуысына ене алмауы ұрық жолының тарылуынан немесе жабылап қалуынан болады.

**Бедеуліктің түрлерін анықтау** Бедеуліктің себебі мен түрін анықтау үшін мал дәрігері барлық шаруашылық-іс шаралардың ұйымдастыру, жүргізу әдістерін, тәсілін зерттеп барып бедеулікті анықтауға кірісу керек. Бұл мәселенің шешімін табу үшін, шаруашылықты ұйымдастыру зоотехникалық – ветеринарлық бағытта мал дәрігері, шаруашылық зоотехнигінің жұмыстары жандануы қажет. Мәселенің кең ауқымдығын білген мал дәрігері ірі қара мал шаруашылығына байланысты жемдеу, оның құрамы, гендік мәселесі мен ірі қараны көбейту жолдарын жоғары деңгейде білуі шарт. Шаруашылықта ұйымдастыру-зерттеу жұмыстарын жүргізу Жем дайындайтын базамен, малдың жағдайымен, соған қарай жемдеу жолымен, таналардың жас ерекшелігіне қарай ұрықтандыратын бұқалардың жағдайымен толық танысу. Жемге химиялық зерттеу жүргізу, оларды азық құнарын жоғарлату үшін қолдану; 1. Жоспар бойынша ветеринарлық іс-шараларды дер кезінде өткізу керек 2. Барлық ірі қара малы тұратын қора, кешендерінің зоотехникалық, ветеринарлық тазалығынын жағдайы; 3. Сиыр, таналарды ұрықтандыруды ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлу: кешендердің жағдайына, жабдықталуына, құрал-саймандарына, олардың қолданылуына, штат құрамына баса назар аудару керек; 4. Мал отарының аурудан сақтығы – жұқпалы, жұқпайтын, инвазиялық аурулардың алдыналуға байланысты; 5. Зоотехникалық және ветеринарлық есеп жүргізуді

дұрыс жолға қою; 6. Мал шаруашылығы фермасының штаты: меңгеруші, бригадир, сауыншы, бұзаушы, малшы, тазалық маманы және мамандар – мал дәрігері, фельдшер, зоотехник, олардың жұмыс өтімі (стаж) еңбекақысына көңіл аудару қажет. Барлық ірі қараны төмендегі топқа бөледі: 1. Ұрықтанған (қашқан) сиырлар мен таналар; 2. Бұзаулағаннан кейінгі кезеңдегілер (3-4 апта) 3. Бедеулер: олардың ішінде жасанды бағыттағы бедеулікті және бұзаулағаннан кейінгі бір ай ішінде ұрықтанбаған, сонымен бірге 15-17 айға жеткен таналарды бөліп көрсету керек.

**Қорытынды** Мал өнімдерінің төмендеуі, жоспардағы төлдің алынбауы, ауру малды емдеуге, бағып-күтуге кететін қаржы, өнім бермеген малдың ерте есептен шығуы, аталған себептерден келетін шығын мал өнімі жоғары болған сайын, келетін шығында жоғарлайды. Ғылыми әдебиетке сүйенетін болсақ барлық індетті және жұқпалы емес аурулардан келетін зияннан бедеуліктен және сүт безінің ауруларынан келетін экономикалық шығын 2-3 есе жоғары екені туралы айтылады. Сиырмен құнажындардың бедеулігіне және сүт безінің ауруларына әкеп соқтыратын себептердің негізгісі - малды дұрыс бағып-күтпеу, азығының сапасының төмендігі, ұрықтандыру кезіндегі жіберілген қателіктер, жыныс мүшелерінің аурулары, туғаннан кейінгі аналық малдың суыққа ұрынуы, ветеринарлық- санитарлық ережелерді сақтамау. Осы тұрғыдан алғанда бедеуліктің және сүт безі ауруларының себептерін дер кезінде анықтап, уақытында аталған себептерді жою, мал шаруашылығын қарқынды дамуына оң септігін тигізеді. Сиырдың гинекологиялық және сүт безінің аурулары көбнесе акушерлік-гинекологиялық аурулардың асқынуынан деп есептейміз-буаздық патологиясы, туу және туғаннан кейінгі кезең аурулары.

Дәріскер



Тургумбеков А.А.

